

Хаттама№3

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдын 27 қарашасы күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Катысуға тиісті – 42

Катысқаны –39

Дәлелді себептермен қатыспағаны –3

Күн тәртібінде:

1. Қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндерінің берілуі туралы. /**A.Аханов/**
2. 2023-2024 оку жылындағы 4,9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан- жақты жұмыстар туралы. /**Б.Аханова/**
3. ЖИТС және нашакорлықтың алдын алу бағыты бойынша атқарылған жұмыстар туралы /**С. Кәрібай/**
4. «Отбасы –тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» мектепте ата-аналарды қолдау орталығының жұмыстары туралы. /**С. Кәрібай/**
5. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы іс-шаралардың жүргізуі мен барысы, нәтижесі туралы. /**Ш. Садуакас/**
6. Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы туралы. /**Б.Аханова/**
7. Пәндік/ мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадаларға дайындық барысы, қорытындылары туралы. /**Б.Аханова/**
8. Мектепшілік бақылау бойынша 2-4 сыныптарды әдебиеттік оқыту пәнінің берілу жағдайы /**Б.Аханова/**

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндерінің берілуі туралы сөз алып, өз сөзінде 2-11 сынып аралығында қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің берілуін бақылау мақсатында сабактарға қатысып, мұғалімдерге ұсыныс пікірлер айтЫЛДЫ. Сабак барысында сынып ерекшеліктеріне қарай әдіс-тәсілдер қолдану арқылы сабактар жүргізілді. Алдағы уақытта оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріп, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу керек екендігі айтЫЛДЫ. Сабак барысында дәптерлерінің уақытылы тексерілуі, уақыт бойынша үй тапсырмасының берілуі, сабак соңында кері байланыстың тиімді жүргізуіне баса назар аудару керек екендігі ескертілді.

Осы мақсаттарды басшылықка ала отырып 2-11 сынып аралығына оку бағдарламасына сәйкес сабактар өткізіліп, тарау бойынша сынақ жұмыстары алынып отыр.

Ұсыныс: аталған пәндерден пән мұғалімдері деңгейлік тапсырмаларды сабак барысында күнделікті қолданып отыrsa.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: 2023-2024 оку жылындағы 4,9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейі, олармен жүргізілетін жан- жақты жұмыстар туралы баяндады.

2023-2024 оку жылында 4,9 және 11 сынып оқушыларының білім деңгейін жетілдіру мақсатында қосымша сабак кестелері жасалып, кестеге сәйкес негізгі пәндер бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп келеді. Білім деңгейлерін бақылау мақсатында пәндер бойынша тест тапсырмалары алынды. Нәтежесі бойынша төмендегідей көрсеткіш көрсетті:

4 сынып- 60-75 пайыз аралығында

9 сынып- 63-72 пайыз аралығында

11 сынып- 65- 77 пайыз аралығында білім сапасын көрсетті. Алдағы уақытта дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізу керек екендігі ескертілді.

Ұсыныс: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында жоспарға сай қосымша жұмыстар толық жүргізілсе.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Кәрібай ЖИТС және нашақорлықтың алдын алу бағыты бойынша атқарылған жұмыстар туралы шығып өз кезегінде 2022-2023 оку жылына жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру насиҳаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС тің алдын алу мақсатында іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

Қыркүйек айында №238 орта мектебінің оқушылары және ата-аналары арасында аудандық білім бөлімі және аудандық орталық аурухана менгерушісінің басшысымен бірлескен жоспарына сәйкес құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары туралы әлеуметтік желі арқылы бейне дәрістері тындалып талқыланды. Оқушыларға сонымен қатар ата-аналарға синтетикалық есірткі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар нашақорлықтың алдын алдын алу туралы өз ойларын ортаға салды.

23 қыркүйек күні балалар және жасөспірімдер арасында алдын алу тексеріс жұмыстарын өткізу (келісім бойынша), психо белсенді зат тұтынудың алдын алу мақсатында анықталған жағдайлар болса мекемелерге мәлімет беретіндігіміз туралы айтып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп медбикесімен бірге балалар және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау және қалыптастыру (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС – тің алдын алу) жөнінде ақпараттық жұмыстары жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1. Мектеп медбикесі, психологпен жыл бойы жүргізілетін жоспар бойынша арнайы мамандардың қатысуымен (медицина, спорт) (нашақорлық, есірткі бизнесі, маскүнемдік, туберкулез ВИЧ, АИВ/ЖИТС – тің алдын алу) жөнінде мәселелер бойынша ата – аналар және оқушылар арасында, жиналыстар өткізілді.
2. 22-қараша күні психологиялық сауалнаманы 8-9-10-11 сынып оқушылары арасында алынып, қорытындысы жасалды.
3. 25 қараша күні суицид және нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу міндет» психолог, сынып жетекшілердің қатысуымен ата – аналар жиналысы откізілді.

Ұсыныс: Мектеп оқушыларының арасында танымдық кабілеттерін арттыру мақсатында түрлі сайыстар мен интеллектуалдық ойындар ұйымдастырылса.

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Кәрібай «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» мектепте ата-аналарды қолдау орталығының жұмыстары туралы баяндағы.

07-18 қараша караша аралығында «Отбасы-тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбында сынып жетекшілер онкүндігі өткізілді. «Отбасы-тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» тақырыбындағы он күндіктің жоспары жасалып, бекітілді.

Мақсатымыз: Мектеп пен ата – ана арасында карым-қатынасты нығайту. Барлық жалпыадамзаттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін ата-ана тәрбиесі, ал оны дамытуға ықпал ететін мектеп екенін ата-аналарға түсіндіру. Ата-аналарға кенес бере отырып, бала тәрбиесі бәрімізге ортақ екенін ұғындыру болып табылады.

Онкүндік барысында мектеп пен ата-ананың тығыз байланысын қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Онкүндікте тренинг, дебат, окуға құштар отбасы, ашық тәрбие сағаттары, отбасылық спорттық сайыстар, ұлдар ұйымы, мен қыздар ұйымының жұмысы және әкелер жұмысы, театрланған қойылымдар жан-жакты қамтылып, ата-аналар мен оқушылар жаңа қырынан танылды.

18 қараша күні "Отбасы-тәрбие басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты сынып жетекшілердің 10 күн бойы өткізілген іс-шаралардың қорытындысы жасалып, онкундік барысындағы өткен шаралардың қызықты сәттерінен құрастырылған бейнеролик көрсетілді. Ұстаздар "Сынып жетекшілердің бір мезгіл жұмыс күні" негізінде сахналық қойылым қойды. Осылай 7 қараша мен 18 қараша аралығында жүргізілген "Отбасы тәрбие-басы, Мектеп-тәрбие жаршысы" атты сынып жетекшілердің онкундігі қорытындыланы.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер, ата-аналармен тығыз байланыста болсаңыздар.

Келесі мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Ш.Садуақас шығып өз кезегінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы іс-шаралардың жүргізілуі мен барысы, нәтижесі туралы айтты.

Мектепте «20 минуттық кітап оқу», «Бірге кітап оқимыз!» акциялары өткізілді. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында «Ертегілер еліне саяхат» атты ертегілер оқу акциясы үйымдастырылды. Мақсаты: ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру. Балалардың сөздік корларын дамыту. Сөзді анық айтуға, есте сактау қабілетін дамыту.

Ұсыныс: Ұлттық құндылықтарға негізделген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар жоғары деңгейде, уақытылы атқарылуына сынып жетекшілерде өз үлестерін қосып оқушыларын мектеп кітапханасына жиі келуге дағылданырса.

Келесі мәселе бойынша Халықаралық зерттеулерге дайындық барысы туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: 2023-2024 оқу жылында халықаралық зерттеуге 9-10 сынып аралығында 8 оқушы қатысады. Кестеге сәйкес жаратылыстану пәндері мен қазақ тілі пәні бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аптасына бір рет пәндер бойынша сынақ тест алынып, төмен пайыз көрсеткен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта оқушылармен нәтежелі жұмыстар жүргізу керек екендігі пан мұғалімдеріне тапсырылғанын баяндалады.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: Пәндік/ мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадаларга дайындық барысы, қорытындылары туралы баяндалды. 2023-2024 оқу жылында 9-11 сынып аралығында жалпы пәндер бойынша мектепшілік олимпиада өткізіліп, қорытындысы бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар аудандық олимпиадаға ұсынылды. Мектепшілік олимпиадаға 11 оқушы қатысты, ауданға 8 оқушы ұсынылды. Кестеге сәйкес пән мұғалімдері оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырғанын айтты.

Ұсыныс: Пән мұғалімдері сабактарда критериалды бағалаудың талаптарын сақтап, дескрипторларын жүйелі жүргізіп отырса.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: Мектепшілік бақылау бойынша 2-4 сыныптарды әдебиеттік оқыту пәнінің берілу жағдайы туралы баяндалды. 2023-2024 оқу жылында 2-4 сынып аралығында әдебиеттік оқу пәнінің берілуін бақылау мақсатында сабактарға қатысып, сабак барысындағы жетістіктері мен кемшиліктері бойынша пән мұғалімдеріне ұсыныс пікірлер айтылды. 2, 4 сынып бойынша пәнді оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдер қолданып, оқушылардың ынтасын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізу керек екендігі ескертілді. Жалпы деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, қадағалау тапсырылды.

Шығып сөйлеушілер

1. Тарих пәнінің мұғалімі- Б.Бөлебаева: Аталған мәселелер күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар деп ғойлаймын. Қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндерінен сабактарымның арасында кіріп, тәжірибе алмасуға ұмтыламын. Пән мұғалімдері үнемі ізденіс үстінде жүреді. Өзім де сабак беретін сыныптарға зор дайындықпен келуге тырысамын. Оқушылардың белсенділіктері жақсы. Пән мұғалімдері өзінің әрбір сабагына

осылай қарауы тиіс деп есептеймін. Сынып жетекші ретінде ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз. Эсіреле балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсок, түрлі жағдайлардың алдын алу, мұқият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.

2. Биология пәнінің мұғалімі-А. Ысқақова: Аудандық олимпиадаға оқушыларымызды терендетілген бағдарламалар негізінде үздіксіз дайындал жатырмыз. Қосымша сайттар мен ресурстар, интернет материалдары жеткілікті, колжетімді. Оқушылардың қызығушылықтары жаман емес. Алдағы уақыттағы нәтижелер көрсетеді деп ойлаймын.

3. Ағылшын пәнінің мұғалімі-А. Әлім: Өз сабағымда деңгейлік тапсырмаларды байланыстырып өтіп жатырмыз және қосымшаға да шақырудамыз. Өте артта қалып, кемшін жүрген, тыс қалған балалар жоқ. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабактарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Біз түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға қалайда ұғындырып жіберуге тырысамыз.

Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің пікірін ескере келіп, директор жанындағы кеңес қаулы етеді.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оку жылындағы казак, орыс және ағылшын тілі пәндерінің берілуі «қанағатанаарлық» деп танылып, 4,9 және 11-сынып оқушыларының білім деңгейін қадағалау, олармен жүргізілетін жан-жақты жұмыстарды жандандыру мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелінсін.

2. ЖИТС және нашақорлықтың алдын алу багыты бойынша атқарылған жұмыстар «қанағатанаарлық» деп танылсын мектепте ата-аналарды қолдау орталығының жұмысын талапқа сай жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.

3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы іс-шараларды талапқа сай жүргізу мектеп кітапханашысы Ш. Садуақасқа бекітілсін.

4. Халықаралық зерттеулерге, пәндік мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадаларға дайындықты үздіксіз, нәтижеге бағыттап жүргізу, қадағалау мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелінсін.

5. Мектепшілік бақылау бойынша 2-4 сыныптарды әдебиеттік оқыту пәнінің берілу жағдайы «қанағатанаарлық» деп танылып, оқушылардың білім сапасын көтеру бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктеліп, осы жұмысты тұрақты бақылау мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға бекітілсін.

Директор жанындағы кеңестің төрайымы:



Ә.Кеулімжай

Хатшысы:

А.Жарболова